

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

Университеттің миссиясы: білім саласындағы озық тәжірибелер негізінде адами капитал сапасын арттыру.

Стратегиялық мақсаты: жаңа форматтағы білім беру және ғылым хабына айналу.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат тұтынушыларға қоғамның заманауи талаптары мен ЖОО мақсаттарына сәйкес келетін деңгейде қызметтер ұсынуға бағытталған:

- ЖОО академиялық еркіндік жағдайында білім беру саясатын басқару механизмдері мен сапа менеджменті жүйесін жетілдіру;
- еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуі;
- бәсекеге қабілетті бакалаврларды, магистрлерді және PhD философия докторларын даярлау бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту мақсатына жету үшін адами және өзге де ресурстарды үйлестіру;
- халықаралық білім беру бағдарламаларын құру, білім беру қызметтерін экспорттау, оқытушылар мен білім алушылардың академиялық ұтқырлығын арттыру, шетелдік білім алушылар мен шетелдік оқытушылардың үлесін арттыру арқылы ЖОО-ны интернационалдандыру;
- халықаралық рецензияланған журналдардағы мақалалар санын ұлғайту арқылы университет ОПК-ның жариялау белсенділік рейтингісін арттыру;
- университеттің ОПК ғылыми мақалаларынан дәйексөз алу деңгейінің оң динамикасын қамтамасыз ету;
- ЖОО қызметкерлері мен білім алушылардың мәртебесін арттыру мақсатында қызметкерлер мен білім алушыларды ынталандырудың тиімді жүйесін құру және жұмыс пен оқу жағдайларын үздіксіз жақсарту;
- QS (QS World University Rankings) әлем университеттерінің рейтингісіне кіру;
- Қазақстандық және жаһандық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, өз тарихын, тілін, мәдениетін білетін, шет тілдерін меңгерген, озық және жаһандық көзқарасы бар тұлғаны тәрбиелеу;
- инфрақұрылымды дамыту, заманауи оқу жабдықтары мен зертханаларды сатып алу арқылы университеттің материалдық-техникалық базасын нығайту.

ОҚМПУ басшылығы осы «Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты» жүзеге асыру және оны университеттің ұжымының түсінуі мен қолдануын қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті өзіне алады.

Ғылыми Кеңесінің мәжілісінде қаралды және бекітілді, № 8 Хаттама «8» 01/2022ж.

Басқарма төрағасы - ректор

Г.Сугирбаева



Басылым 4, № 14 көшірме

Енгізілу мерзімі «20» 01 2022ж.